

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Құрметті әріптестер!

Биылғы бірінші жартыжылдықта **геосаяси** жағдайдың нашарлауы салдарынан **құбылмалылық пен тәуекелдер** артты. Осындай жағдайда біз **қаржы жүйесінің тұрақтылығын** қамтамасыз ету бойынша **жедел шаралар** қабылдадық.

(2-СЛАЙД. ОСЫ ЖЫЛДЫҢ I-ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ)

Бірінші, нарықтарда бұрын-соңды болмаған өзгерістерге толы оқиғалар кезінде Ұлттық Банктің жедел шаралары **қаржы нарығындағы** жағдайды **тұрақтандыруға** мүмкіндік берді. Біз теңге бағамының **шектен тыс ауытқуын** шектей отырып, оның инфляцияға **ауысуын** тежедік.

Екінші, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және теңгедегі активтерді сақтау үшін **Теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасы** қабылданды.

Үшінші, нарықтардағы құбылмалылыққа қарамастан, **Ұлттық қор мен зейнетақы активтерінің** ұзақ мерзімді кезеңдегі **кірістілігі оң** күйінде қалып отыр.

Төртінші, биылғы жылғы **сәуірден** бастап Үкіметпен бірлескен жұмыс аясында **Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағалы қағаздары FTSE Frontier EM**

Government Bond индексіне енгізілді. **JP Morgan** дамушы нарықтардың мемлекеттік бағалы қағаздарының индексіне енгізу үшін елдің мемлекеттік бағалы қағаздарын «**жіті бақылауға**» алды.

Бесінші, 1 шілдеден бастап Ұлттық Банк **Лездік төлемдер жүйесін және Төлем карточкаларының банкаралық жүйесін** өнеркәсіптік пайдалануға қосты. Пайдасы мен шығасыларын бағалай отырып, **цифрлық теңгені** енгізу туралы шешім қабылдау **моделі** әзірленді.

Қол жеткізілген нәтижелерге қарамастан, бұдан әрі тоқталып өтетін **тәуекелдер** де бар.

(3-СЛАЙД. ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ 1-ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАРДЫҢ ЕЛЕУЛІ ЫҚПАЛЫМЕН ДАМЫДЫ)

Биылғы 1-жартыжылдықта Қазақстан экономикасы сыртқы факторлардың елеулі ықпалы аясында дамыды.

Қазақстандағы әлемдегі геосаяси жағдайға қарамастан, мұнай бағасының жоғары болуының және жалғасып жатқан фискалдық ынталандырудың арқасында экономикалық өсу тұтынушылық бағалардың жоғары деңгейімен қатар жүретін ішкі сұраныстың оң динамикасымен жалғасты.

Әлемдегі **геосаяси** жағдайға қарамастан, **Қазақстанда мұнайдың жоғары бағасына** және жалғасып отырған **фискалдық ынталандыруға байланысты тұтыну бағаларының жоғары деңгейімен қатар жүретін ішкі сұраныстың оң динамикасы сақтала отырып, экономиканың өсуі жалғасты.**

Халықаралық ұйымдардың бағалауы бойынша,

жаһандық экономиканың өсуі жөніндегі **болжамдар** төмендеуде, бұл **геосаяси** тәуекелдердің іске асуына, **ақша-кредит** саясатының күшеюіне, **бюджеттік** шоғырлануға, жоғары **инфляцияға** және инфляциялық **күтулерге** байланысты.

Энергия тасымалдаушылардың және **ауыл шаруашылығы** тауарларының жоғары бағасы **барлық жерде** дайын тауарлар **бағасының өсуіне** алып келуде.

Нәтижесінде **инфляцияның жаһандық өсуі** байқалады, оның аясында әлемдегі **ақша-кредит талаптары** қатандатылуда.

Дүниежүзілік Банктің бағалауы бойынша **инфляция** биылғы жылдың **ортасында**, **Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының** деректері бойынша –**2023 жылдың басында шарықтау шегіне** жетеді. Одан кейін инфляция **әлемдік экономика өсуінің баяулауынан, сұраныстың төмендеуінен, тауар жеткізуге** байланысты жағдайдың жақсаруынан төмендей бастайды.

Ұлттық Банктің бағалауы бойынша, Қазақстан экономикасының биылғы жылдың екінші жартысында өсуі **баяулайды**, бірақ **ұзақ мерзімді әлеуетті деңгейлерге жақын** болып қалады. Экономиканың одан әрі өсуі үшін **негізгі тәуекелдер қазақстандық экспорт үшін әлемдік нарықтарға қол жетімділіктің төмендеуі** және сауда әріптес-елдердегі экономиканың жаңа жағдайларға бейімделуі болып табылады.

(4-СЛАЙД. ӘЛЕМДЕ АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫН ҚАТАҢДАТУ АЯСЫНДА ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫНДА ҚҰБЫЛМАЛЫЛЫҚ САҚТАЛУДА)

Әлемде ақша-кредит саясатын қатаңдату аясында **қаржы нарықтарында құбылмалылық сақталуда**. Әлемнің орталық банктері **ақша-кредит талаптарын ең ауқымды қатаңдату** аясында мөлшерлемелерді көтеріп, **тарихи тұрғыда жеңілдетілген** саясаттан алшақтауда.

Нәтижесінде қаржы нарығында **қорғаныш активтеріне көшу** жалғасуда. **Әлемнің басқа елдерінің валюталарына қатысты доллардың құны жыл басынан бері 9,4%-ға ұлғайып, 20 жылдағы ең жоғары көрсеткішке жетті.**

(5-СЛАЙД. 2022 ЖЫЛҒЫ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА ГЕОСАЯСИ ФАКТОРЛАР ИНФЛЯЦИЯНЫ ЖЕДЕЛДЕТТІ)

Қазақстанда жылдық инфляция көбінесе **азық-түлік бағасының 9,9%-дан 19,2%-ға дейін екі есе өсуі** салдарынан жыл басынан бері **8,4%-дан маусымда 14,5%-ға дейін өсті**, оның жалпы инфляцияға үлесі **жартысынан астамын** құрады.

Айлық инфляцияның наурызда **3,7%** болған ең жоғары мәннен маусымда **1,6%-ға** дейін бәсеңдеуіне қарамастан, оның мәні соңғы **5 жылдағы** маусымның орташа тарихи нормасынан **3 есеге** жуық асып отыр.

Бағаның өсуін тұрақтандыру үшін **ақша-кредит саясатының** шаралары қабылдануда. Биылғы жылдың басынан бері **базалық мөлшерлеме 14%-ға** дейін көтерілді. Бұрын-соңды болмаған инфляциялық қысым аясында бұл өте

қажетті шара болып табылады, онсыз бағаның бақылаусыз өсу қаупі бар. Бұл ретте мөлшерлеменің әсері **уақыт өте** көрініс табылатын болады.

Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының шаралары **Үкіметтің** тұтыну нарықтарындағы сұраныс пен ұсыныстың айырмашылығын барынша азайту жөніндегі шараларымен қатар қабылдануда. Сіздің тапсырмаңыз бойынша, ақпанда Үкімет **Инфляция деңгейін бақылау және төмендету бойынша 2022-2024 жылдарға арналған шаралар кешенін** жаңартып қабылдады.

Инфляция базалық мөлшерлеме бойынша қабылданатын шешімдер және жоспарланған **контрциклдік бюджет қағидалары** аясында **2023 жылдан** бастап баяулайды деп күтілуде. **Азық-түлік** нарықтарын теңгерімді дамытудың тиімді шараларын қабылдау маңызды.

(6-СЛАЙД. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР ИНТЕРВЕНЦИЯЛАР МЕН ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН АЛЫНАТЫН ТРАНСФЕРТТЕР АЯСЫНДА ТӨМЕНДЕДІ)

Геосаяси тәуекелдер мен **рубль** бағамының жоғары **құбылмалылығы** теңге бағамына қатты қысым көрсетті.

Осы жағдайда қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету және теңге бағамын тұрақсыздандыратын ауытқуларға жол бермеу мақсатында **валюта нарығын теңдестіру жөнінде** бірқатар **шаралар** қабылданды.

Ұлттық Банктің нақты **валюталық интервенциялары** дағдарыс кезеңінде валюта нарығының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері валюталық интервенциялар, екінші деңгейдегі банктер шоттарындағы қалдықтардың қысқаруы және сыртқы борыш бойынша төлемдер салдарынан жыл басынан бері **2,4 млрд долларға** төмендеп, **32 млрд доллар** болды.

Ұлттық қордың активтері жыл басынан бері **3,4 млрд долларға** төмендеп маусымның соңында **51,9 млрд долларды** құрады. Республикалық бюджетке биылғы жылғы 6 айда **2,4 трлн** теңге сомасына трансферттер бөлу үшін **2,7 млрд долларға** валюталық активтер сатылды.

Мұнай бағасының айтарлықтай өсуі аясында жыл басынан бері түсімдер **3,1 трлн** теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **3 еседен** астамға артты.

Ұлттық қордың кірістілігі құрылғаннан бастап 30 маусым аралығында жылдық мәнде **3,05%** болды.

Жалпы халықаралық резервтер маусымның соңында **83,9 млрд долларды** құрады.

Ұлттық Банк **теңгерімсіздіктердің жинақталуын** болдырмау және **алтынвалюта резервтерінің сақталуын** қамтамасыз ету үшін **икемді бағам белгілеу** режимін ұстануды жалғастырады.

(7-СЛАЙД. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІС БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ӨСУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТТІ)

30 маусымда Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері жыл басынан бері **324,7 млрд** теңгеге ұлғайып, **13,4 трлн** теңге болды. Бірыңғай

жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық кірісі жыл басынан бері шамамен **352,6 млрд** теңге, зейнетақы жарналары – **811,9 млрд** теңге, зейнетақы **төлемдері – 134,7 млрд** теңге, мерзімінен бұрын алып қою көлемі – **830 млрд** теңге болды.

(8-СЛАЙД. ДЕПОЗИТТЕРДІ ДОЛЛАРЛАНДЫРУ 2013 ЖЫЛДАН БЕРІ ТӨМЕНГІ ДЕҢГЕЙГЕ ДЕЙІН ТӨМЕНДЕУДЕ)

Банк жүйесіндегі **депозиттер** биылғы жылғы 1 маусымда жылдық мәнде **3,1%-ға** ұлғайып, **25,2 трлн** теңгені құрады.

Халықтың салымдары бойынша **ұсынылатын мөлшерлемелерді** арттыру және жарияланған **Теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасы долларландырудың өсуін** тоқтатуға мүмкіндік берді, ол ақпанда **38,4%-ға** дейін көтерілгеннен кейін мамырда **2013 жылдан бастап** ең төменгі деңгей – **33,3%-ға** дейін төмендеді.

(9-СЛАЙД. ҰЛТТЫҚ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛДІ)

Төлем жүйесі қарқынды дамып келеді. Биылғы жылғы 5 айда халықтың **қолма-қол ақшасыз операциялары** өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда **35,6 трлн** теңгеге дейін **51%-ға** өсті. **Онлайн төлемдердің** үлесі **83%-дан** асты.

Сіздің тапсырмаңызды іске асыру мақсатында **Ұлттық төлем жүйесінің** құрамдас бөліктері енгізілді, оның шеңберінде **лездік төлемдер жүйесін** және **төлем карточкаларының банкаралық жүйесін** құру жұмысы жүргізілді.

Лездік төлемдер жүйесі бойынша **9 банк** жүйеге қатысу туралы шарт жасасты, **оның 4-і** өз клиенттері үшін лездік

төлемдер жүйесі сервистеріне кіру рұқсатын ашты. **Қалған банктер биылғы жылғы қазанға дейін біртіндеп қосылады.**

Қазіргі уақытта карточкалық төлемдерді қабылдау бойынша қызмет көрсететін **барлық банктер Төлем карточкаларының банкаралық жүйесіне** қосылды және олардың трафигін Төлем карточкаларының банкаралық жүйесіне аудару қамтамасыз етілді.

Алдағы уақытта **осы** сервистерді **ауқымды ету**, қаржылық қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін **Open API және Open Banking** дамыту тұжырымдамасын әзірлеу, қаржы ұйымдарының **онлайн қызметтерінің** қауіпсіздігі үшін **биометриялық сәйкестендіру бойынша сервисті** кеңейтуді **жоспарлаудамыз.**

(10-СЛАЙД. «ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ» БОЙЫНША ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МОДЕЛІ ӨЗІРЛЕНДІ)

Сіздің тапсырмаңыз бойынша, елдің ерекшеліктерін ескере отырып, халықаралық ұйымдардың ұсынымдары негізінде пайда мен шығасыларды бағалай отырып, **цифрлық теңгені енгізу туралы шешім қабылдау моделі** әзірленді.

Зерттеу шеңберінде **цифрлық теңгенің** тиісті **архитектурасын** әзірлеуді, әзірленген архитектураның **қолданылуын бағалауды** және кейіннен **пайда мен шығасыларды** кешенді **талдауды** қоса алғанда, **4 деңгейлі талдау жүргізілуде.**

Маусымнан бастап нарық қатысушылары пилоттық жобаға тартылды, **қарашада** бөлшек есеп айырысу үшін цифрлық теңге платформасын толығымен тестілеуді өткізуді жоспарлаудамыз.

Биылғы жылғы желтоқсанда бағалау қорытындысы бойынша әзірленген модель шеңберінде **цифрлық теңгені енгізу қажеттілігі туралы** шешім шығарылатын болады.

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Ұлттық Банк геосаяси шиеленіс жағдайында санкциялардың Қазақстанның **қаржы жүйесіне** әсер ету дәрежесін бағалай отырып, нарықтардағы **ахуалға** мониторинг жүргізіп, **баға** тұрақтылығы мен **қаржы** тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауды жалғастырады.

Назарларыңызға рақмет!